Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет
2007 жылғы
22 қарашадан
шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№18 (926) Сәрсенбі 7 мамыр 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте жол инфрақұрылымын дамыту мәселесі талқыланып, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берілді.

«Биылғы меже – жақсы жағдайдағы жолдардың үлесін 95 пайызға жеткізу. Былтыр жөндеуден өткен жолдардан анықталған кемшіліктерді шұғыл қалпына келтіріп, қаржының толық игерілуін қамтамасыз етіңіздер. Автомобиль жолдары мен көшелерді салу, жөндеу жұмыстарының сапасын қатаң бақылауға алыңыздар. Жобалардың мерзімінде аяқталуын басты назарда ұстаңыздар», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс аумағында жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының ұзындығы 3545 шақырым болса, оның 1024,5 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1965,5 шақырымы – аудандық маңызы бар автомобиль жолдары. Өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттен 44 млрд. 703 млн. теңге қаржы бөлініп, 300 шақырымнан астам автомобиль жолдары, көшелер және көпір өткелдері жөндеуден өткізілді. Биыл 33 млрд. 602 млн. теңге бөлініп, 329 шақырым автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдерін жөндеу жоспарланған. Өткен жылдың соңында облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының жақсы және қанағаттанарлық индикаторлық көрсеткіштерінің үлесі 92,5% болса, биыл бұл көрсеткіш 95%-ға жеткізілмек.

«Ел тілегі» ақпарат

КӨРМЕ АШЫЛДЫ

С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясында «ҚР Көркем академиясымен» бірлесіп Қызылорда облысы Суретшілер одағы филиалы суретшілерінің «Ұлы жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» тақырыбындағы көрменің ашылу салтанаты өтті. Шараның мақсаты жергілікті қылқалам шеберлерінің жеке қорынан жинақталған картиналар негізінде Қазақстанның Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске қосқан үлесін көрсету, тыл ардагерлерінің еңбегіне тағзым етіп, жасаған ерліктерін еске ала отырып, өскелең жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру. Көрмеге жергілікті суретшілердің жеке қорларынан және музей қорынан картиналар ұсынылды.

Қазақстан бейнелеу өнерінде соғыс тақырыбы ерекше орын алады. Бұл бағытта көптеген қазақстандық суретшілер өз шығармаларында соғыс жылдарының ауыртпалығын, жауынгерлердің ерлігін және бейбіт өмірдің құндылығын бейнелеген. Бүгінде сол бір сұрапыл жылдардың оқиғалары бейнелеу өнерінде өз орнын тапты. Жергілікті суретшілер өз туындыларында соғыстың қасіреті мен жеңістің қуанышын бейнелеп, өткеннің естелігін болашаққа жеткізеді. Көрме С.Айтбаев атындағы көркемсурет галереясы залында 2025 жылғы 5-10-шы мамырға дейін жалғасады.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2500 теңге;

«Жарасымды жанұя» журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

6 айға – 2850 теңге.

БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8(7242) 27-85-75; 8-7059827661;
8-7716933181.

ЕЛІНЕ ҚОРҒАН БОЛУ – ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ТАРТЫСТЫ САЙЫС ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күні және «Динамо» спорт қоғамының 100 жылдығына арналған Қызылорда облысы Полиция департаментінің қызметкерлері мен зейнеткерлері арасында үстел теннисінен турнир өтті.

Спорттық бәсекеге Полиция департаментінің басшылығы, Ардагерлер Кеңесінің төрағасы Шаймағамбетов Әмірбек Бердібекұлы, Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев, департамент қызметкерлері мен ардагерлер қатысты.

Полиция департаментінің бастығы полиция полковнигі Ергешов Серік Жүрсінбайұлы турнирдің ашылу салтанатында сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік пен жеңіс тіледі.

«Спорт – салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізі. Қандай спорт түрі болмасын халқымыз қайсарлық пен жігерлігімен көзге түсіп, сан сайыста жеңіс тұғырынан көрініп келуде. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, әнұранымызды өзге ұлт өкілдеріне тыңдатқан спортшыларымыздың қатары өз арамызда да аз емес.

Бүгінгі күні Полиция департаменті және «Динамо» дене шынықтыру-спорт қоғамының Қызылорда облыстық филиалы тарапынан біздің қызметкерлер үшін спортты дамытып, салауатты өмір салтын ұстану үшін барлық жағдай жасалып отыр.

Мұндай жарыстар қызметкерлер арасында спортты дамыту, салауатты өмір салтын ұстану, даңқты дәстүрлерді, командалық рухты нығайтуға бағытталған маңызды бастама. Қатысушы барша командаға нәтижелі де тартысты ойын, жүлделі де жарқын жеңіс тілеймін!» деді С. Ергешов.

Жарысқа қатысушылар өздерінің шеберліктерін көрсетіп, әр ұпай үшін шыдамдылық пен күш-қайрат танытты. Әр соққыда күш пен нақтылық байқалды!Әр ұпайдан соң көрермендер спорттың қуатын сезініп, қатысушылардың рухын көтерді. Турнирдің ең жасы үлкен қатысушысы ішкі істер органдарының ардагері Пак Леонид. Спортты жанына серік етіп келе жатқан ақсақал биыл сексеннің алтысына аяқ басты. Барлық қатысушылар қызықты әрі тартысты ойын өрнегін көрсетті. Жылдамдықты, шапшаңдықты және ептілікті талап ететін сайыстың нәтижесі бойынша мықтылар анықталды.

Тартысты сайыстың нәтижесінде зейнеткерлер арасында Миралиев Қуан үздік шықса, екінші орын Төрәлі Талғат, үшінші орын Ағыбаев Молдахмет және Сахимов Рахманәліге бұйырды. Қызметкерлер арасында 1 орынды Алманиязов Талаптан жеңіп алса, 2 орынды Абдусамодов Мураджан иеленді, ал 3 орын Әбдіхалықов Әжімұратқа бұйырды. Әйел қызметкерлер арасында III орынды Дюсенаева Арай, II орынды Болатқызы Инабат, I орынды Сейдахметова Жанат жеңіп алды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы марапаттар табысталды.

КОЛЛЕДЖДЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЕКІ ЕСЕ ӨСЕДІ

ҚР Үкіметі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын қаржыландырудың жаңа нормативін қабылдады.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың қолданыстағы әдістемесіне сәйкес, бір студентті оқытуға бөлінетін орташа қаражат көлемі 437 мың теңгені құрап келді, енді ол орта есеппен 912 мың теңге көлемінде болады. Жаңа қаржыландыру нормативі негізгі және ынталандырушы төлем бөліктерінен тұрады. Ынталандырушы төлемдер нақты көрсеткіштерге қол жеткізген колледждерге беріледі.

Бұл жаңа қаржыландыру жүйесі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға, білім беру ұйымдарын заманауи материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз етуге, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, колледждердің оқу-өндірістік шеберханаларында өндірілген өнімді сатылымға шығару механизмі қарастырылып жатыр. Өндірістен түскен табыс білім беру ұйымдарын дамытуға бағытталатын болады.

ҚАЛАМГЕРЛЕР МЕРЕЙІ

Әбділдә Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Сыр өңірінің рухани өмірі үшін ерекше қуанышты әрі тарихи сәт орын алды.

Ұлтымыздың руханиятына өлшеусіз үлес қосып жүрген жергілікті қаламгерлер - Серікбай Қошқаров, Еркін Әбілов, Бейбітбек Бүркітбаев, Жұмабай Жақып, Ерғали Абдуллаев, Сәкен Алдашбаев, Тұрақ Ахетов және Сандыбай Піржан - Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданып, мәртебелі мәреге жетті. Бұл - олардың саналы ғұмырын әдебиетке арнап, туған жердің тұғырын сөзбен биіктеткен қажырлы еңбектерінің лайықты бағаланған сәті.

Салтанатты іс-шарада Қазақстан Жазушылар Одағы облыстық филиалының жетекшісі Қаршыға Есімсейітова құттықтау сөз сөйлеп, жаңа мүшелерге одақтың куәліктерін салтанатты түрде табыс етті. Ол қалам иелерінің әдебиет әлеміндегі ізденістері мен қолтаңбаларына тоқталып, Сыр өңірінен шыққан шығармашыл тұлғалардың ел руханиятындағы орны айрықша екенін атап өтті. Бұл - жас буын үшін де үлкен өнеге, шабыт көзі.

Айта кету керек, жуырда ғана сырбойылық ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Елубай Әуезов қазақ әдебиетіне қосқан елеулі еңбегі үшін Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығымен марапатталды.

Бұл марапат - тек жеке тұлғаның ғана емес, тұтас Сыр елінің сөз өнеріндегі абыройын асқақтататын айтулы жетістік. Осындай рухани жеңістер - өңіріміздің мәдени әлеуетін арттырып, ұлттық әдебиеттің дамуына тың серпін беретіні сөзсіз.

ЕЛ ҚОРҒАҒАН ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЖАДЫНДА

Қармақшы ауданындағы «Руханият» орталығында Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында соғыс және еңбек ардагері Тілеген Әбдікешовтің 110 жылдығына арналған тарихи-танымдық кеш өтті.

Іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Самат Қыдырбекұлы қатысып, жұртшылықты Жеңіс мерекесімен құттықтады. Одан кейін Түркістан облыстық архив басшысы ардагерлердің рухани мұрасын дәріптеудің маңызын атап өтті. Аудандық ақсақалдар және қоғамдық кеңес төрағалары - Ш. Құндақбаев, Ә. Құлдүйсенов ардагердің елге сіңірген еңбегіне тоқталды.

Ардагердің ұрпақтары естеліктерімен бөлісіп, еңбек жолы мен ерлігі туралы сөз қозғады.Кеш соңында «Ерлігі елге елеулі ер» атты естелік жинақтың тұсауы кесіліп, аудандық кітапханаға тарту етілді. Аудан өнерпаздары патриоттық әндер орындап, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

ДОСТЫҚ ҮЙІ ЖАҢА ҒИМАРАТЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ

Қазақстан халқының бірлігі күнінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қызылорда қаласында «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен бой көтеретін «Достық үйінің» жаңа ғимаратының іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Бақтияруұлы, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов, зиялы қауым өкілдері мен сала басшылары қатысты.

Облыс әкімі жиналған жұртшылықты Қазақстан халқының бірлігі күнімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығымен құттықтап, өңірдегі жобалар мен жаңа орталықта атқарылатын жұмыстарға тоқталды.

«Береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына биыл 30 жыл толды. Аталған құрылым бүгінде халқымызды бірлікке, достыққа үндейтін жалпыұлттық келісімнің негізіне айналды.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында: «Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа «Достық үйі» ашылды. «Достық үйлері» тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарлауда. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек», - деген болатын.

Жаңа «Достық үйі» – аймағымыздың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктер мен ассамблея белсенділері үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат болады», - деді Н.Нәлібаев.

Жаңа нысанның іргетасын қалау рәсімінде Мейіржан Юсупов «Достық үйі» ел игілігіне, жақсылыққа қызмет етсін деген тілегін білдірді.Сондай-ақ, Руслан Рүстемов, Мұрат Ергешбаев, Мұрат Бақтияруұлы сөз сөйлеп, рәсімге қатысушыларды мерекемен құттықтады. «Достық үйінің» жаңа ғимараты «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен 3 млрд. 800 млн. теңгеге салынады.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Көпқабатты тұрғын үйлерде тұратын отбасылар үшін терезеге қауіпсіздік құралын орнату аса маңызды. Себебі кейінгі жылдары елімізде терезеден құлап кету деректері азаймай тұр. Осындай қауіптің алдын алып, оқиғаны азайту мақсатында ТЖД мамандары үздіксіз үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, рейдтік іс-шараларды күшейткен. Бұл туралы бүгін Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ТЖД Төтенше жағдайлардың алдын алу басқармасының бастығы Бейбітхан Спанов мәлімдеді.

- Көпқабатты тұрғын үйлердің басым көпшілігі облыс орталығында болғандықтан жазатайым оқиғалар Қызылорда қаласында жиі орын алуда. Өткен жылы ата-аналардың немқұрайлы қарауының себебінен облыс бойынша балалардың терезеден құлауының 16 фактісі тіркелді. Үздіксіз жүргізілген түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде жыл басынан бері терезеден құлау оқиғасы тіркелген жоқ. Десе де біз жұмысты әрі қарай жалғастыратын боламыз. Қазіргі таңда біз рейдтік іс-шараларды күшейттік. Жалпы, балалардың терезеден құлау фактісінің бірнеше басты себебі бар. Олардың бастысы - ата-аналардың балаларды бақылаусыз қалдыруы және терезеде уақытша бекіткіш торлардың болмауы. Сонымен қатар, терезенің қорғаныш қабаты болмаса москит торларды пайдаланбауын сұраймыз, өйткені олар баланың қауіпсіздігіне жауап бермейді. Одан бөлек, балалардың қауіпсіздігі үшін терезенің жанына жиһаздарды қоймауларыңызды және балаларға қарапайым қауіпсіздікті үйретулеріңізді сұраймыз,- деді Бейбітхан Оразайұлы.

МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫ ШЕБЕРЛІК САБАҚТАРЫН ӨТКІЗДІ

Қазақстанда жүрек-қан тамырлары аурулары әлі де аурушаңдық пен өлім-жітімнің басты себептерінің бірі болып саналады. МӘМС жүйесі аясында емдеудің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту мақсатында А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының кардиолог мамандары Қызылорда облыстық көпсалалы ауруханасында кеңес беру жұмыстарын жүргізіп, шеберлік сабақтарын өткізді.

Пациенттердің бірі 21 жастағы Перизат Сматқызы 14 жасынан бері дәрігерлердің бақылауында. Қызды ентігу, жүрек соғысының жиілеуі, әлсіздік және бас айналу мазалайды. Бұған дейін ол Астанада квота бойынша ота жасатқан болатын.

Бұл жолы кардиологтар Перизатқа күрделі тахикардия диагнозын қойып, Емдеуге жатқызу бюросы порталы арқылы CARTO атты үшөлшемді электроанатомиялық карта жасау жүйесі арқылы диагностика мен емдеуге Алматыға жолдады.

«Бұл әдіс жүректің анатомиялық құрылымын үш өлшемде көруге және тахикардия ошақтарын нақты анықтап, оларды жоюға мүмкіндік береді. Мен МӘМС жүйесінде сақтандырылғанмын, жұмыс істеймін. Барлық медициналық қызметтерді тегін аламын. Жалпы, медсақтандырудың арқасында емделуге үлкен көмек алдым», – деді Перизат.

Алматылық кардиохирургтар жүрекке катетерлік абляция жасау әдісін қолданды: катетер қан тамыры арқылы жүректегі аритмия көзіне жеткізіледі және бұзылған ырғақ көзі радиожиілік импульсінің көмегімен жойылады.

«МӘМС жүйес озық технологияларға қол жеткізу ғана емес, сонымен қатар медициналық ұйымдар арасында бәсекелестіктің артуына ықпал етуде. «Қаражат пациентпен бірге жүреді» қағидаты оң нәтижесін беруде», – деді А.Н. Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы бөлімінің меңгерушісі Әділ Баимбетов.

МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Қызылорда облысы әкімдігі мен Хынг Йен провинциясы арасында бауырластық қарым-қатынас орнату туралы меморандумға қол қойылды.

«Ақорда» резиденциясында елімізге мемлекеттік сапармен келген Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Бас хатшысы То Ламды ресми қарсы алу рәсімі өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен То Лам бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Бұдан кейін Құрмет қарауылының бастығы рапорт беріп, Қазақстан мен Вьетнамның мемлекеттік әнұрандары шырқалды.Мемлекет басшысы Вьетнам Коммунистік партиясы Орталық комитеті Бас хатшысының Қазақстанға алғашқы сапарына екі ел арасындағы мызғымас достықтың айғағы деп баға берді. То Лам қазақ жерінде көрсетілген сый-құрмет үшін алғыс айтып, бүгінгі келіссөздердің нәтижесі Қазақстан мен Вьетнам арасындағы қарым-қатынастың көкжиегін кеңейте түсетініне сенім білдірді.

Жұмыс сапары аясында Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев пен Хынг Йен провинциясы Халық Комитетінің төрағасы Чан Куок Ван арасында бауырластық қатынас орнату туралы меморандумға қол қойылды.

Меморандумда теңдік және өзара тиімділік негізінде сауданы ілгерілету, инвестиция тарту және бірлескен кәсіпорындар құру көрсетілген. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, кәсіпкерлік және цифраландыру салаларында әріптестік орнатып, бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарлануда. Тараптар жоғару оқу орындары, зерттеу институттары және білім беру ұйымдары арасында ғылыми-тәжірибелік кооперацияны дамытуға мүдделі.Бірлескен мәдени іс-шаралар өткізу, туризм, қоршаған ортаны қорғау және басқа да салалар бойынша тәжірибе алмасу да қарастырылған.

«Ел тілегі» ақпарат

ЖЕҢІС КҮНІНЕ ОРАЙ ТАНЫМДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

Қармақшы аудандық Шәмшат Төлепова атындағы мәдениет үйінде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Жеңістің 80 жылдығы: Ерлік, бірлік және тағылым» атты танымдық конференция өтті.

Конференция жұмысына Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Ырзақұлұлы, Қармақшы ауданының әкімі Жандос Еркінбек, аудандық мәслихат төрағасы Әділ Үсенұлы, тыл ардагерлері, мемлекеттік мекеме және кәсіпорын басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, зиялы қауым өкілдері, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және белсенді жастар қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары конференцияны алғысөзбен ашып, жиналған жұртшылықты Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, соғыстағы ерлік пен бірліктің тарихи маңызына ерекше тоқталды. Іс-шара барысында ел тарихындағы маңызды кезеңдер мен ерлік оқиғалары кеңінен қамтылған мазмұнды баяндамалар жасалды.

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы «Ұлы Отан соғысы: Тарихи тағылым және ұрпақ жадындағы мәңгілік ерлік» тақырыбында тарихи шолуын ұсынды. Қоғам қайраткері Сәпен Аңсатов «Тыл еңбеккерлері – Жеңіс үшін жұмылған жандар. Механикалық зауыттың майданға қосқан үлесі» туралы деректермен бөлісті.

Сонымен қатар, ҚР мәдениет қайраткері, жырау Берік Саймағанбетов «Батырлықтың биік шыңы – Тәйімбет Көмекбаевтың ерлік жолы» атты баяндамасында жерлес батырдың тағдырлы жолын баяндады. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ерхан Кәрібозов «Мәңгілік ерлік, мәңгілік жыр: Ұлы Жеңісті жырлаған ақындар мұрасы» атты баяндамасында соғыс тақырыбындағы поэзияның идеологиялық мәніне тоқталды. Қызылорда қоғамдық телерадио компаниясының төрағасы, ақын Шаһизада Әбдікәрімов «Жауынгерлік рух – мәңгілік мұра» тақырыбында рухты көтеретін әсерлі ойларымен бөлісті.

Конференция соңында модератор мазмұнды баяндамалар үшін конференция қонақтарына алғысын білдіріп, іс-шараны қорытындылады. Шара II Дүниежүзілік соғысқа қатысқан жауынгерлердің рухына және тыл ардагерлеріне арналған аспен жалғасты.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА ДЗЮДОДАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ

Сырдария ауданының әкімі Берік Сәрменбаев Н.Ілиясов ауылында «Абзал және К» толық серіктестігінің жүлдесі үшін жасөспірімдер арасындағы дзюдодан республикалық турнирдің ашылу салтанатына қатысты. Іс-шараға спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев, облыстық мәслихат депутаты ЖұмабекEmbергенов, Сырдария ауданының Құрметті азаматы Марат Омаров және «Абзал және К» толық серіктестігінің директоры Мағжан Ералиев қатысты.

Спорттық іс-шарада аудан басшысы құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Жолдауында спорт саласы бойынша әр облыста және ірі аудан орталықтарында саламатты өмір салтын қалыптастыру үшін арнайы спорт орталықтарын ашу қажет деді. Қазақстан Президентінің бұл тапсырмасы Үкімет басшысы және облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың қолдауымен Сыр елінде қарқынды жүргізілуде. Өткен жылы «Самұрық қазына траст» қорының демеушілігімен 3 млрд. 400 млн.теңгеге «Үстел теннисі орталығы» салынып, халыққа қызмет етуде.

Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындық орталық стадион бой көтеруде. Сонымен қатар, «Қызылорда Арена»көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталып, келесі жылы ел игілігіне берілетін болады. «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен көпсалалы дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің іргетасы қаланды. Жаңа нысан жыл соңына дейін пайдалануға беріледі.

Алдағы күндері бірқатар спорттық үйірмені қоса қамтитын «Шығармашылық академиясы» ашылады. Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы екенін ескерсек, жастарымыздың ертеңі үшін осындай спорттық іс-шаралардың маңызы ерекше. Өскелең ұрпақтың денсаулығын шыңдау үшін спорттық жарысты ұйымдастырушы Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиевке шынайы алғысымды білдіремін, – деді Берік Әбдіғаппарұлы.

Турнирдің ашылуында облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев және «Абзал және К» толық серіктестігінің директоры Мағжан Ералиев те сөз сөйлеп, жыл сайын ұйымдастырылып жатқан байрақты бәсекеге қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бүгінде Нағи ауылында ашық турнирлерді тұрақты ұйымдастыру үрдіске айналған. 2012 жылдан басталып, биыл 14-ші рет жалауын желбіреткен республикалық турнир спортшылардың үлкен жетістіктерге жетуіне мүмкіндік жасауда. Елді мекенде «Абзал және К» толық серіктестігінің жүлдесі үшін үстел теннисінен де ашық турнирлер жыл сайын өткізіліп келеді. Айта кетейік, жасөспірімдер арасындағы дзюдодан республикалық турнирге еліміздің түпкір-түпкірінен 400-ге жуық спортшы қатысуда.

ЖАСТАР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРДЕ БАҚ СЫНАДЫ

Қармақшы ауданында Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Серікбаев Әділбек Үргенішбайұлын еске алуға арналған жасөспірімдер арасында самбодан республикалық турнир басталды.

Дүбірлі спорт додасының ашылу салтанатына аудан әкімі Жандос Еркінбек қатысып, спорт қайраткерінің өнегелі өмір жолы мен спорт саласының дамуына қосқан өлшеусіз үлесі туралы сөз қозғап, жарысқа қатысушы спортшыларға сәттілік тіледі.

– Әділбек Үргенішбайұлы саналы ғұмырында Сыр спортының дамуына айрықша үлес қосты. Жүз шайыр шыққан киелі өңірді, жүз спорт шебері шыққан балуандар өлкесіне айналдырды. Ол 30-дан астам халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, 100-ден аса спорт шебері мен бірнеше Әлем және Азия чемпиондарын дайындап шығарды. Оның қос бірдей шәкірті Мақсат Исағабылов пен Еламан Ерғалиев «Қазақстан Барысы» республикалық турнирінің жеңімпаздары атанып, ел мақтанышына айналды, – деді аудан әкімі.

Сонымен қатар, спорттық іс-шараның ашылу салтанатына аудандық мәслихат төрағасы Ә. Қошалақов, Қызылорда облысы бойынша «Жер ресурстары» жер ресурстарын басқару департаментінің басшысы Қ. Тоғызбаев қатысып, республикалық турнирдің салтанатты ашылуымен құттықтады.

Биыл бесінші мәрте ұйымдастырылып отырған дәстүрлі спорт додасында Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан Республикаларынан және еліміздің барлық аймағынан 12 команда, 130-ға жуық спортшы бақ сынайды.

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 5 мамырдағы №1886 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының Тасбөгет кенті әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 21 сәуірдегі № 03-01/275 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы «Талас» өндірістік кооперативінің жеке меншік құқығындағы Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді Иманов көшесі, №12 үй мекенжайында орналасқан көлемі 4789,0 (төрт мың жеті жүз сексен тоғыз) шаршы метр кеңсе және өндірістік база құрылысы үшін (кадастрлық нөмірі

10-156-043-346) жер учаскесінен қажетті көлемі 2603,0 (екі мың алты жүз үш) шаршы метр бөлігін Қызылорда қаласы, Тасбөгет кентіндегі емхана құрылысын кеңейту үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 8 тамыз болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі Н. Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда № 1886 от 5 мая 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка илиного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Аппарат акима поселка Тасбугет города Кызылорды» акимата города Кызылорда № 03-01/275 от 21 апреля 2025 года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для расширения строительства поликлиники в поселке Тасбугет города Кызылорда у собственника или негосударственного землепользователя производственного кооператива «Талас» на праве частной собственности,расположенный по адресу: город Кызылорда, поселок Тасбугет, улица Амангельды Иманова, дом № 12 (кадастровый номер

10-156-043-346), необходимой площадью 2603,0 (две тысячи шестьсот три) квадратных метров с общей площадью 4789,0 (четыре тысячи семьсот восемьдесят девять) квадратных метров для строительства офиса и производственной базы.

2. Датой принудительного отчуждения определить 8 августа 2025 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, №43, кабинет №13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений»акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры,предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 5 мамырдағы №1885 қаулысы

Жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына,«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 63-бабына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының құрылыс бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 15 сәуірдегі № 01-1/474 хатын қарап, Қызылорда қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Меншік иесі немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушы «KazStroyProekt» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жеке меншік құқығымен табысталған, Қызылорда қаласы, Ақсуат ауылдық округі, Ж. Маханбетов ауылы, Қаратабан өңірі, № 101 учаске мекенжайында орналасқан көлемі 5,0 (бес) гектар өзіндік кәсіпкерлікке негізделген шаруа қожалығын жүргізу үшін (кадастрлық нөмірі 10-156-083-2160) жер учаскесінен қажетті көлемі 1,26 (бір бүтін жүзден жиырма алты) гектар бөлігін «Қызылорда қаласының Сол жағалауын сумен қамтамасыз ету үшін Торанғылдысай жер асты сулары кен орнынан су алу бастоғанын және сорғы сүзу станциясын салу құрылысы» жобасы бойынша ауыз су қоймасы құрылысы үшін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылғы 8 тамыз болып белгіленсін.

3. Жер учаскесінің меншік иесі жүгінетін орын Қызылорда қаласы, Қонысбек Қазантаев көшесі, № 43, № 13 кабинет болып белгіленсін.

4. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына жарияласын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскелерінің меншік иелерін ескертсін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі Н.Ахатов

Постановление акимата города Кызылорда №1885 от 5мая 2025 года

О начале принудительного отчуждения земельного участка илиного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

В соответствии со статьей 84 Земельного кодекса Республики Казахстан, со статьей 63 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе», а также рассмотрев письмо коммунального государственного учреждения «Кызылординский городской отдел строительства» акимата города Кызылорда№ 01-1/474 от 15 апреля 2025года, акимат города Кызылорда **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение земельного участка для государственных нужд в связи с изъятием для строительства водозабора по проекту «Строительство водозабора из Торангылдысайского месторождения подземных вод и насосно-фильтровальной станции для водоснабжения Левого берега города Кызылорда» у собственника или негосударственного землепользователя товарищества с ограниченной ответственностью «KazStroyProekt» на праве частной собственности,расположенный по адресу: город Кызылорда, сельский округ Аксуат, село Ж. Маханбетова, урочище Каратабан, участок № 101 (кадастровый номер 10-156-083-2160), необходимой площадью 1,26 (одна целая двадцать шесть сотых) гектаров с общей площадью 5,0 (пять) гектаров для ведения крестьянского хозяйства, основанного на осуществлении личного предпринимательства.

2. Датой принудительного отчуждения определить 8 августа 2025 года.

3. Местом обращения собственника земельного участка определить: город Кызылорда, улица Конысбек Казантаева, №43, кабинет №13.

4. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел общественного развития» акимата города Кызылорда в течении трех рабочих дней со дня принятия данного постановления опубликовать в средствах массовой информации.

5. Коммунальному государственному учреждению «Кызылординский городской отдел сельского хозяйства и земельных отношений»акимата города Кызылорда уведомить собственников земельных участков, а также принять иные необходимые меры,предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорда.

7. Настоящее постановление вводится в действие со дня подписания.

Аким города Кызылорда Н. Ахатов

2025 жылдың II-тоқсанда Мәдениет ауылдық округі әкімінің аппаратында ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Қорғанбек Төлеген Қорғанбекұлы	Мәдениет ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі, жұма күндері сағ. 10.00-ден 12.00-ге дейін	Мәдениет ауылы, Қалдан батыр көшесі №3	35-4-07

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕЛЕГЕН ӘНДЕР

Шиелі ауданында ақын, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, сазгер Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған «Жүрегімнің түбіне терең бойла» атты және Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында «Жеңіске жетелеген әндер» атты ардагерлер арасында облыстық ән байқауы өтті.

Өлмейтұғын сөз ғана емес, өлмейтұғын ән қалдырған Хәкім Абайдың музыкалық мұрасын насихаттау, Абай әндері арқылы Ұлы ағартушының шығармашылығын танып білуге, құрметтеуге үндеу және Ұлы Отан соғысында жанкешті ерлік көрсеткендердің ерлігін патриоттық әндер арқылы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге ету, ардагерлердің бос уақытын тиімді ұйымдастыру, өнерлі ардагерлерді баршаға таныту мақсатында ұйымдастырылған байқауға Қызылорда облысынан барлығы 11 талапкер қатысты. Байқау шарты бойынша талапкерлер бірінші кезеңде Абайдың әнін, екінші кезеңде соғыс жылдарындағы әндерден бір ән салды.

Қазылар алқасының шешімімен байқаудың бас жүлдесін қазалылық Асқар Кенже-Әлі Мақсатбайұлы жеңіп алса, I орынды сырдариялық Жұмағазы Оразов, II орынды шиелілік Саракүл Асанбаева, III орынды жалағаштық Рәш Отызбаева мен қызылордалық Рсалды Маутенова иеленді.

МӘМС ЖҮЙЕСІНЕ ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КІРЕДІ?

Оқырмандардың сұрақтарына Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы Айгүл Аханова жауап берді.

-Мен МӘМС жарнасын төлеймін, сақтандырылғанмын, бірақ қандай медициналық қызметтерді ала алатынымды білмеймін.

-МӘМС аясында көрсетілетін медициналық көмек тізіміне (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 20 маусымдағы № 421 қаулысына сәйкес, «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі медициналық көмекті бекіту туралы») келесі қызметтер кіреді:

- Амбулаториялық деңгейдегі арнайы көмек: профилактикалық тексерулер, бейінді мамандардың кеңесі, созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық бақылау, белгілі бір санаттағы азаматтарға стоматологиялық көмек, диагностика және процедуралар;

- Үйдегі стационар қызметтерін қоса алғанда стационарды алмастыратын жағдайдағы арнайы және жоғары технологиялық көмек, сондай-ақ жоспарлы және шұғыл стационарлық көмек (тәулік бойғы стационарда емдеу, күрделі хирургиялық оталар, күндізгі стационарда ем қабылдау).

- Медициналық оңалту (аурудан, жарақаттан, операциядан кейінгі оңалту);

- Емхана деңгейінде және стационарда көрсетілетін медициналық көмек аясында дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (диспансерлік есепте тұрған пациенттер үшін).

-Дәрігер емханада екпе тағайындап, емшара кабинетіне жіберді. Дәрілерді өзім сатып алдым. Бұл заңды ма?

-МСАК ұйымына тіркелген пациенттер белгілі бір препараттармен тегін қамтамасыз етілуге құқылы. Бұл дәрілер емхана арқылы берілетін дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар тізбесіне енгізілген (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығы). Егер тағайындалған дәрілер мен пациенттің диагнозы осы тізбеге кіретін болса, емхана оларды өзі ұсынуға міндетті. Егер тағайындалған дәрілер тегін тізімге кірмесе, онда пациент оларды өз қаражатына сатып алады.

-Менен жарналарды төлеуді талап етуде, бірақ мен жеңілдік санатына кіремін. Айтуларынша, мен МӘМС жүйесінде сақтандырылмағанмын.

-Егер пациент жеңілдік санатына кіретін болса, оның жарналарын мемлекет төлейді, сондықтан ол өзі ешқандай төлем жасамауы тиіс.

Егер пациенттің мәртебесі болмаса, оның себебін анықтау қажет. Мысалы, күндізгі бөлімде оқитын студент туралы мәліметтер Ұлттық білім беру дерекқорына енгізілмеген болуы мүмкін, сондықтан ол сақтандыру мәртебесін жоғалтқан. Немесе азамат мерзімді әскери қызметтен өткен, бірақ бұл деректер Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына берілмеген болуы мүмкін. Жағдайды нақтылау және мәртебені жаңарту үшін Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жүгіну қажет.

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗЫ
ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВА

Әлия Молдағұлова 1925 жылдың 25 қазанында Ақтөбе облысының Қобда ауданы Бұлақ ауылында дүниеге келген. Ол 7 жасында анасынан айырылып, нағашы ағасы Әубәкірдің шаңырағында тәрбиеленеді. 1935 жылы ағасы Әскери-көлік академиясына оқуға түсіп, кішкентай Әлияны отбасымен бірге алып кетеді. Ағасымен бірге кішкентай Әлия еліміздің бірнеше қалаларында болып, 14 жасынан Ленинградтың Охта ауданындағы балалар үйінде тәрбиеленеді.

1941 жылдың қыркүйегінде Ленинград қоршауда қалады. Әлия өзімен қатарлас оқушылармен бірге Невадағы қала төңірегіндегі қорғаныс бекіністерін салуға қатысады. Ол аянбай жұмыс істеп қана қоймай, басқаларды қолдап, жігерлендіреді. Қайсар мінезі үшін 1941 жылдың қарашасында Әлия Молдағұлова сол кезеңдегі жетекші жастар ұйымы - комсомол қатарына қабылданады.

1942 жылғы наурыз айында балалар үйі Ярославь облысына көшіріліп, Әлия мектепті сонда бітіреді. Ол сол жылы Рыбинск авиациялық техникумына қабылданып, онда 3 ай оқиды. Әлия оқып жүргенде майданға бірнеше рет сұранады, бірақ өтініші қабылданбайды. 25 қазанда Әлия 17 жасқа толып, тура бір айдан кейін «майданға аттануына байланысты» деген негіздememен техникумнан шығарылады. Осы сәттен бастап Әлия Молдағұлованың қысқа болса да жарқын, қаһармандық жолы басталады.

Әлия Мәскеу түбіндегі Вешняки ауылында орналасқан мергендерді даярлайтын орталық мектептің алғашқы жасақталған тобына алынады. 1943 жылдың шілдесінде 22-ші армияның 54-ші арнайы атқыштар бригадасында мерген болып, әскери қызметін бастайды. Әскери мұрағатта оның майдандастарының естелігі сақталған. Я.К. Прокопенкова «біздің бригадаға мерген Әлия Молдағұлова келді. Қазақстаннан келген сүйкімді қыз. Ол баржоғы 18 жаста еді, бірақ қазан айына дейін оның есебінде 32 өлі фашист болды», - деп еске алады. Н.А.Матвеева «Лия екеумізді төртінші батальонның бір взводына орналастырды. Біз, мергендер, тапсырмаға жұппен баратынбыз, бізде алдын-ала дайындалған позициялар болатын. Сонда немістерді қарауылға түсіргенше отыратынбыз. Жаудың оғы мен миналары төніп жататын. Лия осындай сәттерде ержүректілік танытатын. Ол фашистерді қырып қана қоймай, ұрыс алаңынан жараланғандарды сүйреп әкеліп алғашқы медициналық көмек көрсетіп жататын», - деп еске алады.

1944 жылдың қаңтар айының басында Ленинград-Новгородтық операция кезінде 54-ші атқыштар бригадасы майданды бойлай Новосокольники қаласына (Псковск облысы) қарай маршпен алға шығады. Онда олар жаудың қорғанысын бұзып, қаладан солтүстікке қарай алға жылжиды. Мерген Әлия Молдағұлова қызмет еткен 4-ші батальонның саяси жетекшісі Г.В. Варшавскийдің естелігі бойынша, бригаданың бөліктері Насва бекетіндегі темір жолға шыққанда жау оғының астында қалады. Түнде шабуылға арналған негізгі шекараларға орналасып, кеңес жауынгерлері 1944 жылғы 14 қаңтардың таңында шабуыл жасайды. Әрекеттерін мергендер көлегейлеп жүрген батальонға Насва бекетінің ауданындағы Новосокольники-Дно темір жолын кесіп өтіп, Казачиха ауылына басып кіру тапсырылған. Қорғаныстың алдыңғы шебі сәтті бұзылғанымен, кеңестік шабуылшылар неміс әскерінің жауапты атысына төтеп бере алмай қалады. Осындай күрделі сәтте Әлия Молдағұлова «Жауынгерлер, алға!» деген ұранмен, алға ұмтылады. Кеңес әскерилері оның артынан шабуылға шығады. Қарсылас жау бұрынғыдай белсенді жауап қайтарып жатады. Күні бойына жалғасқан ұрыста Әлия үш рет жаудың шабуылына тойтарыс береді. Минаның жарықшақтарымен қолы жараланғанымен, ол немістердің орында қоян-қолтық ұрысады. Қазақтың батыр қызы осы жерде өмірін қиған екінші жарақатын алса да, фашист офицерін жер жастандырып үлгереді.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1944 жылғы 4 маусымдағы қаулысымен көз жұмған Әлия Нұрмұхамедқызы Молдағұловаға Кеңес одағының Батыры атағы берілді.

МӘНШҮКТІҢ ЕРЛІГІ – ЖАСТАРҒА ӨНЕГЕ

Ерліктің алтын ескерткішін тұрғызып, Кеңес Одағының Батыры атағын бірінші болып алған қазақ қызы – Мәншүк Мәметова. Соғысқа бару сұранысы қабыл болып, әскер қатарына алынған Мәншүк ұрыс алаңына аттанардан бірнеше күн бұрын бригада командирінің саяси жұмыс жөніндегі орынбасары міндетін атқарған подполковник Сақтаған Бәйішев Мәншүктің өтінішіне құлақ асып, оны пулеметшілер ротасына жіберу туралы шешім қабылдайды.

Мәншүк Жиенғалиқызы 1942 жылдың қарлы қысында Великие Луки қаласын жау қолынан азат етуге тікелей қатыса жүріп, ұрыс алаңында санитар нұсқаушы болып шайқасқан. Кішкентай кезінде әкесі Ахметке еліктеп дәрігер болуды арман еткен ол медицина институтының бірінші курсын тәмамдап үлгерген болатын. Ақыры қан майданда жауынгерлерге көмек көрсетіп, «Қайырымды солдат» атанады. Арасында бос қалған пулеметпен жау әскерін атқылай жүріп, ерекше көзге түседі. Өжет қыздың

бұл іс-әрекеті оны пулеметші боламын деген арманына жеткізеді. 1943 жылы командир Мәншүктің өтінішін орындап, алдыңғы шепке алады. Сөйтіп, ол пулеметшілер батальонына қосылады. Тіпті бөлім командиріне дейін көтеріліп, сержант атағы беріледі.

Батыр қыз 1943 жылдың 15 қазанында ұрыс даласында ерлікпен қаза тапты. Оның қазасы майдандастарының да қабырғасын қайыстырды. Сол кездегі түрлі бұқаралық ақпарат құралдары Мәншүк туралы жарыса жазып, оның есімін елге ұран етті. Қаза болғаннан алты ай өткен соң Мәншүк Мәметоваға Кеңес Одағының Батыры атағы берілді.

Батыр атағына ие болған Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметова (шын есімі - Мәнсия) - 1922 жылы Орал облысы Орда ауданында туылған. Анасы еркелетіп Моншағым дей бергеннен Мәнсияның тілі келмей өзін Мәншүк деп кеткен. Ата-анасынан ерте айырылған Мәншүк балалық, жастық шағын Алматыда Ә.Мәметованың тәрбиесінде өткізеді. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Алматы медициналық институтында оқып жүрген.

Жеңіс күні

От шашты Отан аспаны,
Төгілді көздің жастары.
Окоптан шықты солдаттар,
Атылды көкке соңғы оқтар.
Буыны босап дірілдеп,
Сүйді жұрт бірін-бірі кеп.
Сәбиін күнге көтеріп,
Аналар тұрды күлімдеп.
Теңіз боп адам толқыды,
Жалау боп жүзді армандар.
Салют боп жанды сол түні,
Соғыстан қайтпай қалғандар.
Сызға ұйықтап, мұзды жастанған,
Бойын бір жазды шіркін ер.
Ақшуақ болып аспаннан,
Құйылды жерге күлкілер.

* * *

Күн сияқты күркіреп,
Бұлт сияқты сіркіреп,
Жай отындай жарқ етіп
жоғалармын.
Жоғалмаспын!
Өтермін
Талайлардың орап алдын.
Мен сендерге көп жылдан соң,
Дәл өзім боп қайтадан оралармын.
Ол кезде болмас мені күндейтұғын,
Ол кезде болмас мені тілдейтұғын.
Ол кезде болмас қадір білмейтұғын,
Ол кезде болмас жанды
кірлейтұғын.
Мен білермін ақ көңіл бірлік барын,
Мен талайға құярмын тірлік қанын.
Мен білермін көрімнен аунап түсіп,
Кімді жырлап, келешек кімді
ұққанын.

* * *

Қырларында сапырылған дәні бар,
Қара бұлттай қаптап жатқан
малы бар.
Қазақстан қазыналы бай өлке,
Қойынынан не керегің табылар.
Алтын нұрға кең даланы жүздіріп,
Бұл өлкеден кете алмайды күз күліп.
Таңды атырып, шығарады күнінді,
Өздері де атқан таңдай қыз-жігіт.
Туғып атын көтереді жаңа ұрпақ,
Қарайды әлем келбетіне таңырқап.
Қазақстан, Қазақстан - елімді
Ақ нанымен жатыр жылда
жарылқап.

С.МӘУЛЕНОВ

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №98

E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https// ret-gazeta.kz/